

**"Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үйді ұстауға және тұрғын үй коммуналдық қызметке ақы төлеу үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру тәртібі туралы ережені бекіту туралы" 2008 жылғы 25 желтоқсандағы № 10-8 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай аудандық мәслихатының 2009 жылғы 21 шілдедегі N 14-7 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Тарбағатай аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 10 тамызда N 5-16-80 тіркелді. Күші жойылсын - Тарбағатай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 27 шілдедегі N 23-8 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылсын - Тарбағатай аудандық мәслихатының 2010.07.27 N 23-8 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) шешімімен.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148-ІІ Заңының 6 бабына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 97 бабына сәйкес Тарбағатай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Тарбағатай аудандық мәслихатының «Тұрмысы төмен азаматтарға тұрғын үйді ұстауға және тұрғын үй коммуналдық қызметке ақы төлеу үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру тәртібі туралы 2008 жылғы 25 желтоқсандағы № 10-8 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде 5-16-66 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 24 қаңтардағы Тарбағатай газетінде жарияланған) мынандай өзгерістер енгізілісін.

Жоғарыдағы аталған шешіммен бекітілген ережедегі 11 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

«Тұрғын үй көмегін алушылар тоқсан сайын отбасының табыстары туралы анықтамалар және өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанның коммуналдық қызмет ақыларының төленгені туралы түбіртектер береді.

18	тармақ	алынып	тасталсын;
22	тармақ	алынып	тасталсын;
23	тармақ	алынып	тасталсын;

Шешімдегі 3 тармақ келесі редакцияда жазылсын: «осы шешім жарияланғаннан кейін он күн тізбелік күннен соң қолданысқа енгізіледі».

2. Осы шешім жарияланғаннан кейін он күн тізбелік күннен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы:*

*Қ. Сафаров*

*мәслихатының хатшысы*

*Т а р б а ғ а т а й*

*а у д а н д ы қ*

*М. Мағжаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК